

Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2019 жылғы 6  
қыркүйектегі № 149 Жарлығы

Президент Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне  
өзгерістер енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі № 140 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 25, 254-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына енгізілсін:

Азимова Эльвира Әбілкасымқызы	- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (келісім бойынша),
Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша);

жоғарыда аталған Комиссияның құрамынан: А.Н. Жаилғанова, А.  
О. Шәкіров, Г.В. Ким шығарылсын;



2) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы № 303 өкімінде (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 44-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің құрамына енгізілсін:

- Азимова Эльвира Әбілқасымқызы - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (келісім бойынша),
- Волков Владимир Васильевич - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы (келісім бойынша),
- Жайылғанова Анар Нұралықызы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы;

#### МЫНА ЖОЛ:

- «Шпекбаев Алик Жатқамбайұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы»

#### мынадай редакцияда жазылсын:

- «Шпекбаев Алик Жатқамбайұлы - Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы»;

жоғарыда аталған Кеңестің құрамынан: Г.В. Ким, Д.Р. Құсдәулетов, А.О. Шәкіров шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

**Қ. Тоқаев**